

## Ересек топтағы ұйымдастырылған іс-әрекет

**Тәрбиеші:** Сайлау Айдана Жеңісқызы

**Күні, айы, жылы:** 24.10.2025 жыл

**Білім беру саласы:** «Коммуникация», «Әлеумет», «Шығармашылық».

**Бөлімі:** Тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сурет салу.

**Тақырыбы:** «Тірі және өлі табиғат»

**Мақсаты:** Балаларға тірі және өлі табиғат туралы ұғым беру, олардың айырмашылығын түсіндіру.

Табиғаттағы құбылыстарды байқауға, тіршілік иелерін қорғауға тәрбиелеу.

**Міндеттері:** Тірі және өлі табиғатқа нелер жататынын ажырата білуге үйрету. Балалардың байқағыштық, ойлау, салыстыру қабілеттерін дамыту. Табиғатты сүюге, қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Бірлесіп жұмыс жасауға, достыққа баулу.

**Жаңа сөздер:** Тірі табиғат, өлі табиғат, қоршаған орта, тіршілік, жансыз.

**Әдіс-тәсіл:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын, сергіту сәті, сурет салу.

**Керекті құралдар:** Табиғат көріністері бейнеленген суреттер, жануарлар, өсімдіктер, тау, су, тас бейнелері, дөңгелек, күн және бұлт макеттері, альбом, бояу, түрлі-түсті қарындаштар.

**Амандасу рәсімі:**

Армысың шұғылалы нұрлы күн!

Армысың қасиетті Жер – Ана!

Армысыңдар менің достарым.

- Күніміз жарқын болсын!

- Аспанымыз ашық болсын!

- Деніміз сау болсын!

- Күніміз сәтті болсын!

Кіріспе әңгіме: Табиғат деген не?

Тәрбиеші балалардан табиғат туралы сұрайды.

- Бізді қоршаған орта.

Балалар: Табиғат!

Тәрбиеші түсіндіреді: Табиғат екіге бөлінеді: тірі және өлі табиғат.

Түсіндіру және сұрақ-жауап:

Тірі табиғатқа: адам, жануарлар, өсімдіктер, құстар, балықтар.

Өлі табиғатқа: күн, су, тас, ауа, топырақ.

Тірі табиғат тіршілік етеді, өседі, көбейеді, тыныс алады.

Өлі табиғат тіршілік етпейді.

**Мақал-мәтел және өлең**

**Мақал:** Табиғат – адамзаттың анасы.

Бұлақ көсең көзін аш.

**Өлең:**

Табиғат біздің анамыз,

Жер-Ана біздің панамыз.

Таза болса табиғат

Бізде аман боламыз.

Бұтақтарды сындырмай,

Тазалықты сақтайық.

Гүл өсіріп, су құйып,

Табиғатты қорғайық.

**Сұрақ-жауап:**

Тәрбиеші: Балалар таңертең ұйқыдан тұрғанда кімді көресіңдер?

Балалар: Әке, ана, ата, әже.

Тәрбиеші: Далада, балабақшаға келе жатқанда нені көресіңдер?

Балалар: Аспан, бұлт, машина, ит, ағаш, мысық, жер, жапырақ).

Тәрбиеші: Балалар қалай ойлайсыңдар, күн, су, ауа керек пе?

Балалар: Иә, күн, су, ауа бізге керек.

Тәрбиеші: Осының барлығын бір сөзбен айтқанда не дейміз?

Балалар: Табиғат дейміз.

Тәрбиеші: Иә, табиғат бізді қоршаған орта.

**Сурет арқылы әңгімелесу:**

- Балалар, суретке назар аударайықшы, бұл суретте не бейнеленген?

Балалар: Суретте табиғат бейнеленген.

Тәрбиеші: Табиғат екіге бөлінеді. Тірі табиғат және өлі табиғат.

- Өлі табиғатқа не жатады?

Балалар: Су, жер, тас, аспан, ай, күн, тау.

- Өлі табиғатқа не жатады?

Балалар: Балық, жәндіктер, аң, құс, өсімдік, адам.

Тәрбиеші: Неге біз тірі табиғат деп атаймыз?

Балалар: Дем алады, өседі, көбейеді, тамақтанады.

**Ғажайып сәт:**

Тәрбиеші: Мен бір хат тауып алдым,

- Мұнда не жазылған екен, оқып көрейік.

«Сәлеметсіздер ме, құрметті «Мөлдір» бөбекжайының балалары!

Мен Табиғат - Анамын.

Сендер мен туралы көп нәрсе оқиды, біледі деп ойлаймын.

Мен сендерге арнап бірнеше тапсырма дайындадым.

Сол тапсырмаларды орындасаңдар, менің сендерге арналған ерекше сыйлығым бар»

Сендерге табиғатты аялауға, оны қорғауға және жақсы көруге көмектесетін қызықты тапсырмалар жолдап отырмын. Иске сәт, менің кішкентай достарым!

Табиғатты қорғандар, мені ренжітпеңдер!

Сүйіспеншілікпен, Табиғат - Ана.

Тәрбиеші: Балалар, Табиғат – Ананың тапсырмасын орындаймыз ба?

Балалар: Иә.

Тәрбиеші: Тапсырманың барлығын дұрыс орындап шықсақ, Табиғат - Ананың бізге дайындаған сыйлығын ала аламыз.

### **1-тапсырма**

«Не артық» (суреттер ілініп тұрады, табиғатқа жатпайтын затты алып тастайды және түсіндіреді неге екенін).

### **2-тапсырма**

Үлестірмелі карточкалармен жұмыс.

Өлі табиғатты сары түске, тірі табиғатты жасыл түске топтастырамыз.

**Қимылды ойын:** «Тірі және өлі табиғат»

(тірі табиғат болса жүреді, өлі табиғат айтса тоқтайды, табиғатқа жатпайтын нәрсені айтса, отырады).

### **3-тапсырма**

Экологиялық бағдаршам (суретке қарап табиғатты қорғау ережелерін айту т.б.)

Шарты: Суретте жақсы қылық болса жасыл түсті көтересіңдер, жаман қылық болса қызыл түсті көтересіңдер.

**Сергіту сәті:**

Жел соқты гу-гу, гу-гу,

Жаңбыр жауды тырс-тырс, тырс-тырс.

Жаңбыр басылды.

Күн ашылды.

Жау, жау, жаңбыр, жау жаңбыр!

Жауған жаңбыр, жауған нұр.

Жердің шаңы басылсын,

Гүлдің аузы ашылсын.

Еккен егін көктесін,

Бізге нанды көп берсін!

#### **4-тапсырма**

##### **Эксперимент.**

Фасоль мен тас. Олардың қайсысы тірі және өліге жатады? Оны дәлелдеп көрейік. Өздеріңнің стақандарыңның түбіне мақта салыңдар, үстіне фасоль, ал қасына тас, кішкене су құйыңдар. Қалай ойлайсыңдар не болады? Әр бала өзінің стақанында не болатының байқайды. 2 аптадан кейін тексереміз.

Тәрбиеші: - Барлық кезеңнен өткен сияқтымыз, енді Табиғат - Анамыздың сыйлығын ашып көрейік.

- Балалар бұл не?

Балалар: - Алма.

Тәрбиеші: Иә, Табиғат – Анамыз бізге тәтті алма сыйлапты.

Жарайсыңдар балалар өте жақсы!

##### **Шығармашылық жұмыс: «Тірі және өлі табиғат әлемі»**

Балалар тірі және өлі табиғат суретін салады.

Көрме ұйымдастырылады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар.

Шығармашылық көрмесін ұйымдастырып, баға береді. Балаларды жеке-жеке мадақтау.

##### **Қорытынды**

- Біз қандай өлең оқыдық?

- Онда не жайлы айтылған?

- Қандай іс-әрекет ұнады??

*(Балалар жауабы)*

Өте жақсы балалар жарайсыңдар!